

Әдебиеттік оқу

2 - сынып



Топқа бөліну

1- топ: Мақал- мәтелдер

2- топ: Жұмбақтар

3-топ: Жаңылтпаштар



Топ ержесімен танысу

- 1. Тыныштық сақтау*
- 2. Уақытқа бағыну*
- 3. Бір-бірін тыңдау*
- 4. Сабаққа белсенді қатысу*

Aa Bb Cc Dd Ee

Mm

Nn

ӨТКЕНДІ ПЫСЫҚТАУ



Суретке қарап, өтірік өлең құрастырып көр



Жаңа сабақ

*Мақал-мәтел оқып,
жұмбақ шешейік.
Жаңылтпаш жаттайық.*



Бірге ойлан!

1- топ: *Мақал –мәтел дегеніміз не?*

2- топ: *Жұмбақты қалай түсінесіңдер?*

3- топ: *Жаңылтпашты қалай түсінесіңдер?*

Мақал - мәтелдер



*Алтау ала болса-
ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса-
төбедегі келеді.*



*Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.*




Мақал

Кітап – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.

Мәтел

Көз – қорқақ,
Қол – батыр.

Жұмбақтар



*Төңірегі тең көрініп,
Теген жатыр төңкеріліп,
Жас та сыйған, кәрі сыйған,
Астына оның бәрі сыйған.*

Жаңылтпаштар



Боламыз **атама таң**
Бір **қызық адам атам**
Мінеді **атам атан**
Мінді деп **атан атам**
Айтуға **бата ма адам?**

Жасырынған сөздерді, қазақша, орысша, ағылшынша баламасын табыңыздар

1-топ: Өнер алды-.....тіл
(*қызыл, красный, red*)

2-топ: Жаны жоқ болса да,
Ақылды адам ісін істейді.
(*кітап, книга, book*)

3-топ: Біл , бұл –піл,
Бұл бір

(*піл, слон, elephant*)

Топтық тапсырма:

1- топ: Сөзжұмбақ шешу.

1. Ғылым таппай
2. Асық ойнаған
3.- тозбайтын тон,
Білім - таусылмайтын кен.
4. Әдепті бала - бала.
5. түбі - тірлік.

2- топ: «Ойлан тап» Жұмбақтың жауабын табу.

1. Жапанда бір нәрсе бар аузы жабық,
Ашылар мезгілінде баурын жазып.
Ішінде толып жатқан қазынасы бар,
Қорек қып пайдаланар тамам халық.
2. Теңіздей түбі терең,
Сүңгіген жетер әрең.

(Кітап және оқу)

(Білім)

3-топ: «Кім жаңылыспайды» Жаңылтпашты жаңылмай жатқа айту.

1. Қапыда ит қапты,
Қатты қапты,
Қапты қатты.
2. Ықылас пен Ыбырай,
Ыдыстарын тасымай
Ырыскүлден үлгі алмай,
Ынтасыз жүр тілді алмай.

1.

М	А	Қ	Т	А	Н	Б	А
2.	А	З	А	Р			
3.	А	К	Ы	Л			
		4.	А	Р	Д	Ы	
5.	Б	І	Р	Л	І	К	

Сергіту сәті



Өтірік жаңылтпашты жаңылмай айт.

Ши тоқыдым шиеден,

Теңіз кештім түйемен.

Күйме жасап шиеден,

Үй тұрғыздым түймеден.

«Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі



Қорытынды: Жұмбақ шешу.

1-топ: Сөзді құрап, доп тіземін.
Қоя салсаң, бір тары,
Жаңалықты жеткіземін. (**Хабарлы сөйлем**)

2-топ: Ойды аяқтап орақ тұрады,
Жауап сөз қалап тұрады. (**Сұраулы сөйлем**)

3-топ: Ұранды, шаттықты
Өкініш аптықты
Білдіріп ойын талайдың
Шарға ине қадаймын. (**Лепті сөйлем**)



«Бас бармақ» тәсілі

Барлығын түсіндім ---



Енді түсініп келемін ---



Түсінбедім ---

